

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ  
ҚР БФМ ФК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК  
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

## **«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»**

### **VI ХАЛЬПАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

### **МАТЕРИАЛЫ**

### **VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

### **«ҚАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»**

(27-28 ноября 2020 года)

Актобе 2020

## МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ АЛАШАЛАР

Ж. Ж. Тілеуқабыл

Қазақ халқының ұлттық мәдениеті ғасырлар бойы өзінің жалғасын тауып, бүгінгі күнге жетіп отыр. Ежелгі халықтың қолөнері қазіргі заманғы озық ұлгілерімен ұштасу арқылы жалпы халықтың игілігіне айналуда. Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біte қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдар әсемдігі, өрнегі тұрмысқа мән берумен қатар, адамдарға рухани ләzzat әкелген. Көз салып байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлі-түсті ою-өрнек, оның орналасуы адамзат дүниесінің табиғатпен біte қайнақсан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің біrlігін аңгаруга болады. Қолөнері шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау еткен.

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан қолөнер саласының біrі. Бұл тамаша өнер қазіргі заманда жалғасын тауып, көрші халықтардың өнер шығармашылықтарымен толысып, дамып, әсемдігімен, көркемдігімен көз тартып, эстетикалық талғамда өркендеген. Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан, ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер. Тоқымамен айналысканда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін тоқымайды: осы тоқу үстіндегі түрлі түсті бояулар әлемінің үйлесімділігін, алуан түрлі сән ұлгілерін таңdap, түрлі тоқу әдістерін менгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады.

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан, ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер (сурет-1).

Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жалғастырып, тұрмыспен бірге ұласа дамып, одан сайын жетіліп, адамдарды сұлулыққа, әсемділікке жетелейді. Тоқу кезіндегі түрлі түсті бояулар әлемінің үйлесімділігін, алуан түрлі сән ұлгілерін таңdap, түрлі тоқу әдістерін менгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Соған орай, тоқу өнері басқа да істер сияқты үйренуді, ізденуді қажет етеді. Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған.

Қазақстан жерінде жүннен әртүрлі бұйымдар тоқу ерте заманнан белгілі болған. Алтай жеріндегі археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған тоқыма бұйымдар осыны дәлелдейді. Белгілі ғалымдар М.П. Грязнов пен С.В. Киселев сол заттардың сыртына салынған өрнектер қазіргі алтайлықтар мен қазақтардың, тяньшандық қырғыздардың оюларына өте жақындығын атап көрсеткен. Осындай өрнектермен безендіріліп, тұрмыста төсөніш ретінде қолданылған бұйымдардың біrі алаша. Әр халықтың рухани әлемі ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен бастау алады. Ал өнердің дамуы халықтың өмірімен тығыз байланысты.

## **Алашаның тоқылу ерекешелігі мен түрлері.**

Алаша деп әртүрлі жіктен өрмек арқылы арқау салып жолақтап тоқылған, көбінесе жерге төсейтін тақыр кілем, төсеніш түрін айтады. Оның түрлері: жұн алаша – жұннен тоқылған алаша, кілем шалша – ою-өрнек салып тоқылған алаша, қарала – алашаның жергілікті атауы, терме алаша - терулі алаша – әшекейлеп, өрнек салып тоқылған алаша, мақта алаша – мақта жібінен тоқылған алаша, т.б. Алаша – тұрмыстық қажеттілікте кеңінен қолданылған, көркемдігімен көз тартатын ерекше дүние.

Алаша қойдың жұнінен иіріліп, боялып, ширатып арнағы тоқу құралдарымен тоқылып дайындалады. Алаша бұктеуге, жинауға, алып-салуға қолайлы мүлік. Мұны ұсталатын орнына қарай әрі енді, әрі көлемді етіп жасайды. Өрмекпен тоқылған алашаның ені әдетте 40-45 сантиметрден аспайды Алашаны ұзын жалпақ жолактармен тоқиды да, оларды кесін, бір ұзындықта біріктіріп тігіп, жерге төсейтін немесе ағаш үйдің керегесіне іletін кілемше ретінде ұстанған. Алашаны тоқу үшін өрмек құралын қолданған (сурет-2).

Өрмек – қолөнер шеберлерінің ерте заманнан бері қолданып келе жатқан халық қолөнерінің тоқу ісінде қолданатын өте қарапайым әдісі, яғни мұны тоқу станогы десе де болады. Құрделі техникасыз, кез келген жағдайда қолданып, керекті жабдықтары онай табылатын өрмектің екі түрі бар. Оның біріншісін аспалы немесе термелі өрмек дейді. Ондай өрмекте кілем сияқты тұтас, енді заттар тоқылады, екіншісін жай өрмек дейді. Жай өрмек шекпен, алаша, қап, қоржын, белбеу, терме бау, басқұр сияқты енсіз нәрселерді тоқуға арналады. Халық қолөнерінде көбірек қолданылады. Жай өрмекті құрып, тоқу үстінде пайдаланатын мынадай жабдықтары болады:

1. Өрмек өресінің қазықтары;
2. Құзеушыбығы қабатталған шиден, түзі тобылғыдан, сымнан жасалады;
3. Адарғы екі жак шеті жүздендерге жонылған, ортасы сәл дөңес, ені 20-25 сантиметрдей тақтай;
4. Есепші немесе кергіш сабау, оны «сару ағаш», «беру жіп» деп те атайды;
5. Қылыш өзі шынында да қылыш тәрізді, сырт жатын (жетесі) 3-4 миллиметрге дейін, дүз жағын 6-7 миллиметр шамасында ғана жұқарта жонып, ортасын дөңестеу еткен, еш 12-15 сантиметр жалпақша келген ағаш;
6. Арқау шөлмегі (жүгіртпе) екі басында аз ғана ашасы бар 20-30 сантиметрдей түзу таяқша;
7. Арқалық 1-1,20 метр шамасындағы түзу таяқ (диаметрі 3 см);
8. Қөтерме немесе мосы-басын біріктірген 3 ағаштан тұрады;
9. Бакылау жіп (бөлік жіп)- екі басын тұйықтап байлайтын жіп
10. Өрмек жінгер. Өрмекке арналып іірілген жінгер істелетін бүйімдарға жасалатын жолақтарға, өрнектерге қарай бірнеше түсті болады және ол түстер бөлек-бөлек домалақтанады. Тоқылғанда заттың ұзын бойына жұмсалатын бұл жінгер кейде жалаң қабат, кейде екі қабат иіріледі. Шекпен жінгерін жиек жінгер сияқты онқай, солақай етін иіре береді.

Осындай әзір жінгерді мөлшерлеп отырып, екі топқа бөледі. Оның біріншісі өрмектің құзуіне ілінетін үстінгі жінгер. Екіншісі құзуге ілінбейтін астыңғы жінгер. Өрмекшілер тілінде үстінгі жіпті «өрісі» деп, астыңғы жіпті

«карсысы» деп атайды. Кейде ұсгіңгісін «еркек жін» астыңғысын «ұрғашы жін» дейді. Осы жерде «жіпті қайдан алған?» деген сұрақ туындаиды.

Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған. Жұн – жануарлардан алынатын табиғи материал. Оны қазақ халқы мындаған жылдар бұрын іске асырған. Қой, ешкі, қоян, түйе жүндерінен жіп иіріп мата өндіруге, тоқыма, кілем, алаша тоқуға қолданған.

Қой жүні – күзем және жабағы жүніне бөлінеді. Қойдың қозысынан алынған жүнді қозы жүн деп атайды. Қой жүнін қырқып алған соң, оны жуып кептіреді де, сабауға дайындаиды. Жүнді сабау технологиясына сабау мен тулак құралдары қажет. Содан кейін жүнді тарақпен тарап, қолмен тұтеді. Жүнді машинамен, қолмен иіруге болады. Өндірісте жүн иіру технологиясында жүн иіретін арнайы машиналар кеңінен қолданылады. Сонымен қатар күнделікті тұрмыста да жүн иіруге арналған жүн иіруші аппараттар қолданылады. Ол ұршық – жүнді қолмен иіруге арналған негізгі аспап. Бұл қарапайым аспап, әр елдің ұршығының сыртқы қалпы өзінше ерекшеленеді. Қазақтың ұршығы 30 см шамасында сабы конус тәрізденіп келеді. Ең жуан жеріне сақина кигізілген. Иірілген жіптерді әр –түрлі түске бояу үшін бөледі, содан соң қазанға су құйып оның үстіне қажетті түстегі бояуды құйып, одан соң жіпті салып, астына от жағылып қайнатылады. Бояуға қайнаған жіп қажетті түске еніп шығады.

Алаша тоқитын жіптер көп түсті бояумен боялады. Алаша өрнегінде, әсіресе, қызыл түске қара, көк, сары және ақ түсті өрнектер көбірек жүргізіледі, кейде тіпті негізгі бір түстің бір-біріне жақын бірнеше өндері де қолданылады. Мұндағы алаша өрнектері әр түрлі. Алаша өрнектерінің ішінде жануарлар бейнесін немесе олардың жеке мүшелерін суреттейтін оюлар да көп. Мәселен, «кошқар мұйіз», «сыңар мұйіз», «иттабан», «көбелек» және т. б. Мұнымен бірге геометриялық өрнектер - ирек, тұмарша, төрт бұрыш және т. б.

Әдетте өрмек жінтерінің 35-40 сантиметрдейі тоқуға келмей қырқылады. Мұны «өрмектің қырқындысы» дейді. Алашаның бойларын құрау үшін осы қырқынды жіпті пайдаланған жөн. Бұл жінтер ақ, қара, көк, қызыл — 4 түсті делік. Ендердің жапсар бойын осы 4 түсті жіпті кезектестіре отырып бұзау тіс тігісімен аралықтарын 1-2 сантиметрдей етіп қосымша сыналана енгізіледі де алашаның көлемі үлкейе түседі.

Өрмекке женіл әрі жиі қолданылатын өрнектің екі түрі бар. Оның біріншісі «су» өрнегі де, екіншісі «тіс» өрнегі. «Су» өрнегін өрмектің белгілі бір шетінен ерсі жіппен қарсы жіптің өнбойын бір түсті етіп жүгірту арқылы тоқиды. «Тіс» өрнегін осы екі жіптің екеуін екі түсті түрмен жүгіртіп (астыңғы жіп қара, үстіңгі жін ақ) тоқиды.

### **Алашаның түрлері.**

Алаша жасауда тоқудың бірнеше түрлерін пайдалану арқылы шебер бұйымның ою-өрнегін түрлендіру арқылы құлпырта түседі. Алаша тоқудың негізгі зандылығы ою-өрнектің тек жолақтарға түсі, тоқу әдісінің сырына бағынышты болса керек. Жергілікті жердің шеберлерінің қолданатын тоқу әдісіне, өрнекті жолақтарды реттеп орналастыруына қарап алашалардың қай жерлерде тоқылғанын ажыратуға болады. Атап айтсам:

Оңтүстік елдерінде алаша тоқуда кежім теруді жиі қолданады. Кежім теруде оюдың беті тегіс болып түседі де, оюға түспеген жіптер теріс жағындаbos қалып отырады. «Кежім теру» немесе «бұқар теру» тәсілі көп түсті және әр түрлі өрнектен теріліп жасалатын басқұр мен алаша тоқу үшін қолданылады (сурет-3).

Алашаның өрнегіне байланысты бірнеше түрі бар:

Ала теру;

Қызыл теру;

Алаша Жұз теру;

Орталы тегеріш;

Шым игеру;

Өрмекте мүйіз, өсімдік, геометриялық фигуralар тәрізді күрделі өрнектер тоқу кездеседі. Мұндай тоқуды «терме» деп атайды. Термелеп тоқу әдісі казақтың өрмек өнеріпің ең бір көп тараған және көркем дүниелерді тоқуға ең бір қолайлысы деп саналады. Термелеп тоқу әдісі, өсіресе Қазақстанның онтүстігінде жақсы дамыған өнері. Алашалардың бетіне түсірілген күрделі ою-өрнек құрылымы олардың көркемдің жүйесінің байыпты бір тұтастығын көрсетеді. Көркем өнердің осындағы тәсілімен тоқылған бұйымдар (басқұр, қоржын, алаша, кілем және т. б.) Қазақстанның Қарағанды, Павлодар облыстарында жиі кездесетін өте ертеден келе жатқан өнер (сурет-4).

Олардың өз аймактарына қарай, өрнек мәнерінде, тоқу әдістерінде өздеріне тән ерекшеліктері бар. Оңтүстік Қазақстанда терме тоқудың неше түрлі тәсілі бар және олардың атаулары да әр түрлі. Терме алашалар басқаларға қарағанда тығыз да, қалындау келеді. Негізгі ою бет жағында бедерленіп, айқындалып көрініп тұрады да, теріс жағында көлденең жолақтар қалып отырады.

Қайыра теру тәсілімен құрылатын өрмектің ерсі жібі мен қарсы жібі 3-4 түсті бояулармен боялады, екеуі бірдей теріліп, өрмектің екі жағынан (ерсі мен қарсы жағынан) тоқылып шығады.

«Орама теру» тәсілдерімен де басқұрлар, алашалар тоқылады. Мұндай жағдайда өрмектің ерсісі, қарсысы және арқауы (ерсі мен қарсы жіптердің арасына көлденең түсіп отыратын жіп) бәрі бір түсті жіптен құрылып тоқылады. Бұған көбінесе ақ не қызыл түсті жіптер қолданылады. Тоқу барысында әр түсті жіптерден өрнек салынып, оның жібі өрмектің ерсісіне қолмен оралып, арқаумен бекітіліп отырылады.

Бір түсті теру тәсілі тек қана басқұр тоқуға қолданылады. Мұндай басқұрлардың ерсі мен қарсы жібі көбінесе бірынғай ақ жіптен, кейде қызыл жіптен құрылады да, өрнегі қызыл, қара, көк және басқа түсті жіптермен теріледі. Мұның бәріп қазақтың қарапайым өрмегімен жіңішке лента тәріздендіріп тоқиды.

Тақыр тоқу немесе тақыр кілем тоқу өсіресе біздің өнірімізде, яғни Қызылорда облысында көп дамыған өнер. Оған түк орамай, өрнек беретін жіпті ерсі мен қарсының өз бойында бояп алады да, жай өрмек әдісімен тоқи береді. Тақыр кілемді кейде жіптеріп боямай - ақ, ақ жіп пен қара жіпті кезек келтіріп тоқиды. Сөйтіп көлденең жолақ, кейде ұзын жолақ, сондай - ақ кенірдек өрнектер тоқылып шығады. Түктеп теру әдісімен енсіз шағын кілем, кілем,

қоржын, түрлі төсөніштер тоқылады. Мұндай өрмектің өрнектеуіш жіптері ерсі мен қарсыға аралас бойлай тоқылады. Бой жінгер қатарында тұрған өрнектеуіш жіп өрнек бетінде бос қалып отырады да, сонынан ол кеселмен қырқылып тасталады. Осыдан өрмек бетінде түк пайда болады.

### **Музей қорындағы алашаларға сипаттама.**

Музей қорында тенденсі жоқ тамаша өнер туындысы болып саналатын алашалардың бірнеше түрлері сақтаулы. Солардың бірі (КП - 1762) 195x320 см болатын алаша .Бұл алашаны XX – ғасырдың 50-60жылдары жергілікті шеберлер тоқыған. Ол иірілген жүн жінтен, өрмек арқылы аралас тоқу әдісімен тоқылған. Қызыл, сары,жасыл түстерден тұрады. Сары, қызыл түсті жолақтарға жасыл түспен геометриялық пішін ромб бейнесі тоқылған. Екі жағы қоңыр қызыл түсті матамен көмкерілген (сурет-5).

Дәстүрлі өнерді жалғап келе жатқан жергілікті шебердің бірі Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылының тұрғыны Еңсебалиева Гүлфараз. Шебер терме алашаны тоқудың қыр - сырын жақсы менгерген. Тоқылатын алашаның ою - өрнегі мен оның түстері шебердің үнемі ойында жүреді. Бұл іс табандылық, логикалық, математикалық есеп пен асқан зеректілікті талап етеді. Әйтпесе, алашаның пішіні айнып кетеді дейді шебер. (КП-1689) 114x181 см болатын алаша. Бұл алашаны жергілікті шебер Гүлфараз 2000 жылдары тоқыған. Ол иірілген жүн жіптен, өрмек арқылы аралас тоқу әдісімен тоқылған. Қызыл, сары,жасыл түстерден тұрады. Сары, жасыл түсті жолақтарға қызыл түстен қошқармұйіз секілді бейнені өрнектеген. Екі жағы қоңыр жасыл түсті матамен көмкерілген. Ағаш үйге ілу үшін дайындаған (сурет-6).

Жергілікті шебер Махаталиева Қымыз жерге төсөніш ретінде тоқыған. (КП-1518/3) 196x130 см болатын алаша. Ол иірілген жүн жіптен, өрмек арқылы аралас тоқу әдісімен тоқылған. Қызыл, сары,жасыл түстерден тұрады. Сары жолаққа қызыл,жасыл түстерден, жасыл түсті жолақтарға қызыл, сары түстерден, қызыл түсті жолақтарға сары, жасыл түстерден өрнектеген. Екі жағы қоңыр жасыл түсті матамен көмкерілген (сурет-6).

### **Корытынды.**

Адамзат баласының ұзақ та курделі дамуының нәтижесінде қоғамдық еңбектің түрлі салалары пайда болды. Тұрпайы еңбектен бара-бара халықтың қолөнері туындағы. Адамға құрал-жабдық пен ішер ас, киер киім қандай қажет болса, оны ұқсат білу, икемді де, ұнасымды ету, әдемілеп әшекейлеу, келістіріп пайдалану да сондай қажет болды. Эрине бұл айтылғандар барлық халықтардың, соның ішінде қазақтардың да өзіндік ұлттық қолөнер творчествасының даму тарихымен сипаттас.

Қазақстардың қолөнерінің ішінде халық арасында көбірек тарағаны – ою-өрнек түрі. Оның түрлері мен атаулары сан алуан. Халықтық қолөнерде жиі қолданылатын мүйіз текстес ою-өрнектер де өзінің даму барысында әр түрлі сипат алған.

Қазақтың қөркем қолөнері - өзінің төл тума бітім қасиетімен қөркемдік мән – мағынасымен шын мәнінде халқымыздың уақыт тезінен өткен асыл қазынасы. Кез – келген халықтың дәстүрлі өнері – сол халықтың ғасырлар бойы бастан кешкен өмір салтының, таным – түсінігінің, арман – аңсарының жарқын

айғағы болып табылады. өркениетті қоғам мен құқытық мемлекеттің гүлдене түсүі өскелен ұрпақтың рухани байлығымен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабылетімен, шығармашылығын, кәсіби біліктілігімен білімділігін талап етеді.

Қазақ ұлттық қол өнері адам баласына өзінің бай тарихы, терең мазмұны, сан қылыш ерекшеліктері, рухани, естетикалық, эмоционалдық, интеллектуалдық түрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түседі. Қазақ халқының қолөнері сонау ескі заман тарихы мен бірге өсіп, біте қайнап келе жатқан өте бай қазына болып саналады. Ол тек қазақ халқының емес, сондай – ақ туысқан орта азия халықтарымен ұлы орыс халқының қол өнерімен ұштасып жатады. Қазақ халқының тарихы, басқа халықтар сияқты өндірістік қатынастар дамуының шежіресі болып табылады. Қазақ халқында қолөнердің қалыптасу кезеңдерін Қазақстан тарихымен байланыстыруға болады.

Қазақ халқының қолөнері деп қазақ тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мұсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтамыз. Шын мәнісінде осы аталған қолөнер түрлерінің әр қайсысының талай ғасырлық тарихтары бар.

Қазақ тұрмысында кеңінен қолданылған алаша ұлттық төсөніш ретінде әдемі өрнектелген, табиғи жүннен ііріліп дайындалған, экономикалық шығыны аз, қауіпсіз орындалатын, қажетті материалдары тез табылатын бұйым. Дегенмен адам енбекін көп қажет етеді.

Сөз сонында айтарым қазактарда қолөнер түрлері мол. Олар халықпен бірге жасап келеді және жасай береді. Осы өнерді дамыта отырып, жер жерде халық шеберлерінің өнегелі істерін жас ұрпақтарға насихаттау, қолөнер бұйымдарының саласын арттыра беру аса құрметті және игілікті іс болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:**

1. Ш. Байділдаұлы. «Қазақтың ою-өрнектері».
2. Қ. Әмірғазин. «Қазақ қолөнері». -Алматы 1994ж.
3. Марғұлан А.Х. «Казахское народное прикладное искусство.» 1986.
4. Қасиманов С. « Қазақ халқының қолөнері.» А., 1995.
5. Жәнібеков Ө. «Жолайырықта.» А., 1998.
6. Арғынбаев Х. «Қазақ халқының қолөнері.» А., 1987.
7. Мұқанов К. «Жүннен жасалатын бұйымдар.» А., 1990.



Сурет 1



Сурет 2




Сүрөт 3



Сүрөт 4



Cypet 5



Cypet 6